

Б.А. Жамелов^{1}, Х.М. Тұрсұн², Б.А. Жамелов³*

¹*Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің PhD докторанты,
Қазақстан, Түркістан қ., E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru*

²*Тарих ғылымдарының докторы, профессор*

*Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті,
Қазақстан, Түркістан қ., E-mail: khazretali.tursunt@ayu.edu.kz*

³*Магистр оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., E-mail: zhamelov1989@mail.ru*

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ (LESSON-STUDY «сабақты зерттеу» аясында өткізілген сабақ мысалында)

Аңдатпа

1920-22 жылдардағы Қазақ АКСР-дің аумағына Сібір ревкомы мен РКФСР құрамында болған тарихи қазақ аумақтарын қайтару кезіндегі оқиғалар, 1924-1925 жж Орта Азияны мемлекеттік межелеу саясаты кезінде ұлттық мүддені қорғаған ұлт қайраткерлері туралы білімді оқушыларға қалыптастыру қазіргі тарих ғылымының маңызды міндеті болып табылады. Аталған тарихи кезеңдегі қазақ халқымен тығыз байланысты болған осынау күрделі өзгерісті оқиғаларды мектеп педагогикасында тиімді қолдану өте маңызды.

Мақалада қазақ зиялыларының қазақ халқының тарихи аумақтарын тұтастығын қалыптастыру кезіндегі қызметі мен рөлі, осы оқиғаның тарихи маңыздылығын білу мақсатында жалпы орта мектептердегі 9 сыныпта өтілген сабақтың жоспарлану, өткізілуі және нәтижесін бағалау қарастырылады. Сабақтың жоспарлануы мен өткізілуі кезінде жүзеге асырылған әдіс тәсілдер мен тапсырмалар талданып, оқушыны тақырыпты меңгертудегі маңыздылығы сараланады. Осы тарихи кезеңді өтуде мектепте қазақстан тарихы пәнінде «lesson-study» («сабақты зерттеу») тәсілі аясында өткізу себеп-салдарлық байланысты анықтауда, тарихи оқиғаның өзіндік ерекшеліктерін айқындауда маңызы зор. Сонымен қатар оқушылардың бойында тақырыпқа қатысты деректерді талдауға, өзіндік көзқарас қалыптастыруға мүмкіндігі мол. Сабақ өтілгеннен кейін мұғалімдерге әріптестері кері байланыс беріп, мұғалімнің кәсіби даму аймағын анықтап беруде тиімді. Сабақта тиімді әдістерді қолдану оқушылардың сабаққа ынталылығын күшейтіп, оқу жетістіктерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: педагогика, әдіс-тәсілдер, lesson-study, «Миға шабуыл» «сұрақ қою» деңгейлік тапсырмалар, дифференциация, оқу дағдылары, мемлекеттік-территориялық межелеу, ұлт зиялылары, автономия.

Б. А. Жамелов^{1}, Х. М. Тұрсұн², Б.А. Жамелов³*

¹*Докторант PhD казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Яссауи,
Казахстан, г. Туркестан,
E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru*

²*Доктор исторических наук, профессор*

*Казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Яссауи
Казахстан, г. Туркестан,
E-mail: khazretali.tursunt@ayu.edu.kz*

³*Магистр, преподаватель, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова,
Казахстан, г. Шымкент,
E-mail: zhamelov1989@mail.ru*

ОБУЧЕНИЕ В ШКОЛЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ФОРМИРОВАНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛИ (LESSON-STUDY на примере урока, проведенного в рамках "исследования урока")

Аннотация

Важной задачей современной исторической науки является формирование у учащихся знаний о событиях 1920-22 годов при возвращении на территорию Казахской АССР исторических казахских территорий, имевших место в составе Сибирского ревкома и РСФСР, о национальных деятелях, защищавших национальные интересы в период государственной политики размежевания Средней Азии в 1924-1925 годах. Очень важно эффективно использовать в школьной педагогике события этого сложного изменения, тесно связанного с казахским народом в данный исторический период.

В статье рассматриваются функции и роль казахской интеллигенции при формировании целостности исторических территорий казахского народа, планирование, проведение и оценка результатов уроков, проведенных в 9 классе общеобразовательных школ с целью знания исторической значимости этого события. Анализируются приемы и задания, реализованные при планировании и проведении урока, ранжируется значимость учащегося в усвоении темы. Проведение данного исторического этапа в школе в рамках подхода «lesson-study» («изучение урока») по истории Казахстана имеет большое значение для выявления причинно-следственной связи, выявления специфических особенностей исторического события. Кроме того, у учащихся есть возможность анализировать данные, относящиеся к теме, формировать собственное видение. После проведения урока педагогам выгодно дать обратную связь коллегам и определить область профессионального развития учителя. Применение эффективных методов на уроке позволяет повысить мотивацию учащихся к занятиям и улучшить учебные достижения.

Ключевые слова: педагогика, методика, lesson-study, «мозговой штурм», задания уровня «вопрос», дифференциация, навыки обучения, государственно-территориальное размежевание, национальная интеллигенция, автономия.

B. A. Zhamelov^{1}, H. M. Tursun² B. A. Zhamelov³*

¹Doctoral student of Khoja Ahmet Yassaui Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan, E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

*²Doctor of historical sciences, professor
Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yassaui,
Kazakhstan, Turkestan, E-mail: khazretali.tursunt@ayu.edu.kz*

*³Master's degree, teacher, South Kazakhstan University named after M. Auezova,
Kazakhstan, Shymken), Email: zhamelov1989@mail.ru*

TEACHING THE ACTIVITIES OF KAZAKH INTELLECTUALS IN FORMING THE UNITY OF THE KAZAKH LAND IN SCHOOL (in the example of a lesson held within the framework of LESSON-STUDY)

Abstract

The most important task of modern historical science is the formation for students of knowledge about the events of the return of historical Kazakh territories to the territory of the Kazakh Assr in 1920-22 as part of the Siberian revkom and the RSFSR, national figures who defended national interests during the policy of State demarcation of Central Asia in 1924-1925. It is very important to effectively apply these complex changing events that were closely related to the Kazakh people in this historical period in school pedagogy.

The article discusses the activities and role of the Kazakh intelligentsia in the formation of the integrity of the historical territories of the Kazakh people, planning, conducting and evaluating the results of classes in the 9th grade of general secondary schools in order to know the historical significance of this event. During the planning and conduct of the lesson, The implemented methodological approaches and tasks are analyzed, and the importance of the student in mastering the topic is differentiated. In the course of this historical period, conducting at school in the framework of the "lesson-study" approach in the subject of the history of Kazakhstan is of great importance in determining the causal relationship, determining the specific features of a historical event. At the same time, students have the opportunity to analyze data related to the topic, to form their own attitude. After the lesson, teachers are given feedback from their colleagues and are effective in determining the area of professional development of the teacher. The use of effective methods in the classroom can increase students' motivation for classes and improve their academic achievement.

Keywords: pedagogy, methods, lesson-study, "Brainstorming", "questioning" level tasks, differentiation, learning skills, state-territorial delimitation, national intellectuals, autonomy.

Кіріспе.

XX ғасырдың 20-жылдары кеңес үкіметі тарапынан қазақ жерінде ел тағдырына үлкен әсер еткен тарихи оқиғалар мен саяси шешімдер қабылданды. Осы оқиғалардың ішінен ерекше алып қарайтын тарихи оқиға Қазақ АКСР-інің құрылуымен қазақ жерлерін автономия құрамына біріктіру жұмыстары және 1924-1925 жж Орта Азияны ұлттық белгілері бойынша мемлекеттік межелеу саясаты болды. Осы екі күрделі саяси тарихи оқиға қазіргі Қазақстан Республикасының аумағының қалыптасуына себепкер болғандығы белгілі. Осы ел тағдыры шешілген тарихи сәтте қазақ зиялылары кеңес билігінен тайсалмай батыл күрес пен пікірталастар жүргізіп, тарихи қазақ жерлерін қорғап қалуымен қазіргі ел аумағы қалыптасты. Яғни қазіргі қазақ жерлерінің тұтастығының қалыптасуында алаш зиялыларының еңбегі зор екендігін жас ұрпақ оқушылар қауымы біліп өсуі керек. Ұлт қайраткерлерінің өнегелі істері мен елге, халыққа қызметі жастарға үлгі болып, оқушылар тұлғаларды тануы қажет. Осы тарихи кезеңді оқушыларға танымдық әрі зерттеушілік дағдыларын дамыта алатындай негізде оқытудың тиімді тұсын анықтау мұғалімдер үшін маңызды педагогикалық шешім болуы шарт. Мектепте қазақ зиялыларының қазақ жерінің біртұтастығын қалыптастырудағы қызметі мен ролін оқыту оқушылар бойында ұлтжандылық пен отаншылдық және патриотизм сынды құндылықтарды дамытуда маңызы зор. Қазақ зиялыларының қызметі XX ғасырдың 20-30 жылдарына сәйкес келетіндіктен мектеп бағдарламасында бұл тақырып 9 сыныптың оқу жоспарында қарастырылған. Осыны ескере отырып орта білім беру мекемесінде 9 сынып оқушыларына «Қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтірудегі ұлт зиялыларының рөлі қандай болды?» атты тақырыпта сабақ өтуді Lesson Study яғни «сабақты зерттеу» аясында жүргізу дұрыс деп шешілді.

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі мен әдістемелік тұрғыдағы білімін дамытуға арналған сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің жаңашыл педагогикалық тәсілі.[1] Ол XIX ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда бастау алып, XX ғасырдың II жартысында Батыс Еуропа елдеріне кеңінен таралып, мектепте қолданылатын заманауи сабақты зерттеу әдістерінің бірегейіне айналды.[2] Бұған себепкер болған американдық ғалымдардың зерттеулері барысында жапондық оқушылардың америкалық сыныптастарынан жалпы пәндер бойынша әрі жеке пәндер бойынша озық болуының анықталуы болатын. Қазір уақытта Шығыс Азияда Lesson Study Жапониямен қоса, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар батыс елдерде де, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада қолданылуда. Аталған әдіс посткеңестік кеңестік елдеріне тек XXI ғасырда ғана танымалдылыққа ие болып, қазіргі таңда жалпы орта мектептерде сабақтарда жан-жақты қолданылып жатыр.[3] Lesson Study-ге сабақты бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді.[4] Қазақстанда аталған сабақты зерттеу әдісін алғашқы болып қолға алған Назарбаев Зияткерлік мектептері болды. Назарбаев Зияткерлік мектептері Lesson Study әдісін жалпы орта мектептерге трансляция жасап тарату жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Мектепте қазақ зиялыларының қазақ жерінің біртұтастығын қалыптастырудағы қызметі мен ролін мектептегі 9 сынып оқушыларына өту кезінде осы әдіс тиімді жүзеге асырылды. Бастапқыда тарих пәнінің мұғалімдері арнайы команда құрып, жыл бойы осы әдіс негізінде әрқайсысы үш циклдік сабақ өткізуді келісіп алғаннан кейін әр циклда өтетін сабақтың тақырыптарын жоспарлап алды. Қазақ мемлекеттілігі жер аумағының біртұтастығы мен ұлттық мемлекеттік межелеуге қатысты «Қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтірудегі ұлт зиялыларының рөлі қандай болды?» атты тақырып екінші циклге түсті. Бұл тақырыпты өтуді мұғалім Жамелов Баглан Алтаевичке беру бірауыздан келісіліп, жұмыс жоспары жасалынды. Осы тақырыпты зерттеу аясындағы сабақ етіп жүргізуді жоспарлау кезінде белгілі алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Хазрет Тұрсұн Маханұлының теориялық кеңестері және мектептегі тарих әдістемелік бірлестігі мұғалімдерінің берген кеңестері мен кері байланыстары сабақты тиімді етіп жоспарлауда, тақырыптың мазмұнын ашуда маңызды болғанын айтып өту қажет.

Материалдар мен әдістер.

Тақырып аясында өткізілген сабақ «сабақты зерттеу» әдісі арқылы жүргізілді, сонымен бірге сабақ кезіндегі оқушылардың іс-әрекетіне бақылау жүргізілді. Өтілген сабақтың нәтижелілігін, артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау мақсатында салыстырмалылық әдісі тиімді қолданылып, конструкторивті баға берілді. Сабақты жоспарлау кезінде әріптестермен бірлесе отырып

сабақтың жоспары құрылды. Білікті тарихшы мұғалімдермен бірлесе отырып, сабақты нәтижелі өткізу үшін сабақтың мазмұнын оқушыларға жеткізе алатын әдіс-тәсілдер мен бағалау түрлері қарастырылды. Сабақта қолданылатын дереккөздерді сұрыптау кезінде белгілі тарихшы ғалым Хазретәлі Маханұлының кеңестері сабақ жоспарына қойылды. «Сабақты зерттеу» әдісі бойынша өткізілген алдыңғы кезеңде сабақта берілген кері байланысты ескере отырып, сабақ толық жоспарланды. Lesson Study сабақты зерттеу әдісінің артықшылығы сабақты бірлесіп жоспарлау арқылы қолданылатын озық әдіс-тәсілдер мен бағалау жүйесі оқушылардың пәндік білімін арттыруға, аталған тарихи кезеңнің ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.[5] Оқушылардың сыни тұрғыда талдау, тәуелсіз ойлау, өзіндік қорытынды жасап, тарихи оқиғаны бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.[6] Сабақтың соңында үдерістің тиімділігі мен мұғалімге берілетін кері байланыс жолға қойылды. Өткізілген сабақ үдерісі кезінде белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы профессор, Хазретәлі Тұрсұн Маханұлы және тәжірибелі тарих пәнінің мұғалімдері сабақты бақылап, оқушылар мен мұғалімдер әрекетінің үндестігін, білім алушылардың сабақ кезіндегі белсенділігі мен сабаққа қатысуын жіті қадағалады.

Нәтижелерді талқылау.

2022-2023 оқу жылында әріптестермен бірге өткізген «сабақты зерттеу» аясында (LESSON-STUDY) өтілген сабақтардағы әріптестерімнің кері байланысын ескере отырып, оқушылардың сыни ойлау дағдысын дамытуға байланысты кәсіби даму мақсатымды айқындадым. Жаңа сабақтың тақырыбын және барысын жоспарлауда әріптестермен ақылдаса отырып, алдыңғы өткен тақырыптармен сабақтастығын ескердік. Әріптестермен ақылдаса келе Қазақстан тарихы пәнінен 9-сыныптың бағдарламасындағы II-тоқсанда өтілетін «9.2А Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы» бөліміндегі «Қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтірудегі ұлт зиялыларының рөлі қандай болды?» атты тақырыпты таңдадық. Себебі тарихтың бұл кезеңін оқыту оқушылардың қызығушылығын арттыруға, қабілеттерін дамытуға, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тиімді әдістерді қолдануға, «Сабақты зерттеу» (LESSON-STUDY) аясында белсенді оқыту әдістерін тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Г.М. есімді әріптесіммен ақылдаса келіп, «Сабақты зерттеу» аясында өткізілетін жаңа сабақты 9 «Б» екінші тілде білім алатын (орыс сыныбы) сыныбымен өтуді жоспарладым. НЗМ-жүйесінде «Қазақстан тарихы» пәні қазақ және орыс сыныптарына тек қазақ тілінде жүргізілетіндіктен тілдік кедергілері бар орыс сыныбымен сабақ өтуді дұрыс деп шештік. Аталған сыныпта түрлі деңгейдегі оқушылар бар, үлгерімі жақсы пәндік білімі жоғары, өзіндік ойын еркін айта алатын оқушылармен қатар, қазақ тілінде сөйлеуге қиналатын, тілдік кедергілері бар, үлгерімі нашар оқушылар да жетерлік. Осыған байланысты әрбір оқушының қабілеттерін ескере отырып, цифрлық білім беру ресурсымды дайындау маңызды болды, әріптестермен бірлесе отырып тиімді әдіс-тәсілдер мен сараланған тапсырмаларды жоспарлауды жүзеге асырдық. Өткен аптада өтілген сабағымда Қазақ Автономиялық кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңыздылығын, екі ғасыр өткеннен кейін ғана қазақтар отарлық ауыр кезеңнен өтіп, большевиктік болса да өзін-өзі басқару құқығындағы мемлекеттік құрылым болып қалыптасқанын өткенмін, бүгінгі ұсынатын сабақта Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейінгі ұлт зиялыларының Сібір ревкомы мен Түркістан АКСР аумағына кеткен тарихи қазақ жерлерін қайтарудағы қызметі мен рөліне баға беріледі. Сабағымды әдістемелік бірлестіктегі әріптестеріммен бірлесе жоспарлауды жүзеге асырамын. Өткен тақырып пен жаңа сабағым арасында байланыс орнату мақсатында, әріптесім Д. Ш. ақылдаса келе, оқушыларға сабақтың басында өткен сабаққа жан-жақты шолу жасау мақсатында сұрақ қою әдісі арқылы жеңілден күрделіге негізделген ашық сұрақтар қоюды жоспарлаймыз.

Жеңіл сұрақтар

- 1.«ҚазАКСР құрылған мерзім?
- 2.ҚазАКСР-ның жоғарғы органдарын жазыңыз?
- 3.ҚазАКСР-ның астаналарын жазыңыз?

Күрделі сұрақтар

Қазақ АКСР-інің құрылуы уақыт талабы ма, әлде большевиктердің қазаққа жасаған сыйы ма? Қалай ойлайсың? Жауабыңды нақты дәлелдер келтіріп, түсіндір

Автономияны құру жұмыстарына дайындық кезінде қазақ зиялыларының қызметі мен рөлі қандай болды?

Қазақ автономиясының құрылуы қазақ халқының мәселелерінің оң шешілуіне түрткі болуы мүмкінбе? Ойыңызды дәлелдермен келтіріңіз.

4. Орталық Атқару Комитетінің (ОАК) төрағасы болып кім сайланды?

5. Халық Комиссарлары Кеңесінің (ХКК) төрағасы кім болып сайланды?

6. «Қазақ АКСР-і еңбекшілері құқықтарының декларациясы» конституция ретінде қай жылдар аралығында қолданылды?

7. Орынборда съезде қабылданған «Қазақ АКСР-і еңбекшілері құқықтарының декларациясы» қандай мәселелерді қарастырды?

3. 1926 ж. санақ бойынша қазақтар бүкіл республиканың неше пайызы болды

4. «Қырғыз» атауы «Қазақ» атауына қашан өзгерді?

Қазақ АКСР-і құрылуының тарихи маңыздылығы қандай?


Автономияда конституция қызметін атқарған «Қазақ АКСР-і еңбекшілері құқықтарының декларациясы» атты құжат халықтың мүддесін толық қорғай алуы мүмкінбе?

Автономияда алаш зиялылары мен большевиктік қайраткерлердің қарым-қатынасы қалай қалыптасуы мүмкін?

Бұл әдіс оқушылардың ой-ұшқырлығының артуына, өзіндік-ой пікірін қалыптастыруына, тәуелсіз ойлау дағдысының дамуына мүмкіндік береді. Деңгейлік сұрақтар қою арқылы оқушылардың арасында саралау үдерісін жүргізуді көздеймін. Сұрақ қою әдісі арқылы мен оқушылардың теориялық білімдерін қолдану, тарихи оқиғаларды талдау, қорытынды мен бағалау жасау сынды дағдыларын дамыта түсуді көздеймін. Жаңа сабақты «Миға шабуыл» әдісімен бастауды әріптесім Г. М. екеуіміз ұтымды болмақ деп шештік, яғни тақырыпты болжауға мүмкіндік беретін суреттерді, (Қазақ АКСР-і, Түркістан АКСР-і Сібір ревкомына қатысты карталар, ұлт зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Сералин, Алихан Бөкейханов, Сұлтанбек Ходжановтың, Тұрар Рысқұловтың және В. И. Лениннің суреттерін интербелсенді тақтаға шығарып қоямын) сөздерді тақтаға шығарып көрсетіп, «түрткі болу», «қайта бағыттау» негізіндегі сұрақтарды қоюды жоспарладық.



1-сурет



2-сурет




3-сурет

4-сурет

5-сурет

6-сурет



7-сурет

8-сурет

9-сурет



10 сурет «Ахмет ұл ұстазы» сериалынан үзінді



такие как Костанайский уезд,

11 сурет «Ахмет ұл ұстазы» сериалынан үзінді

Орыс сыныптарына жаңа тақырыпты болжау кезінде үлгерімі төмен оқушыларды қолдау көрсету мақсатында сұрақ қоюдың «түрткі болу» технологиясы оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, (осылай сынып оқушылары арасында дифференциация жүреді) тақырыпқа жақындату мақсатында ой салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеуге көмектеседі. «Қайта бағыттау» техникасы арқылы сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау тиімді болады. Сұрақ қоюдың аталған техникалары сабақтың тақырыбын болжау мен анықтауда өте тиімді. Сабақтың орта тұсында әріптесім Г.М-мен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Ата Заңына байланысты мәтінді «GROW талдауы» арқылы бағалауды оқушыларға тапсырма ретінде ұсынуды жоспарладық.

1. Мақсат (Goal) – Қазақ жерлерін қазақ автономиясының аумағына біріктірудің мақсатын анықтау
2. Шынайылығы (Reality) – жүзеге асырылуы (ағымдағы жағдайды талдау)
3. Опциялар (Options) – (мәселенің күшті әлсіз жақтарын анықтау)
4. Қорытынды (What) – қорытынды жасау, ұсыныс, шешімдерді көрсету.

«GROW талдауы» оқушылардың жоғары деңгейдегі дағдылар бойынша жұмыс жасауына мүмкіндік беріп, ұлт қайраткерлерінің қазақ жерін автономия аумағына біріктірудің мақсатын анықтауға, тарихи қазақ жерлерінің (Қостанай, Ақмола, Семей, Орал, Сырдария, Жетісу) қазақ автономиясының аумағына қосылуының жүзеге асырылуы мен ағымдағы жағдайдағы тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы оқушылар өздері зерттеп отырған тақырыптың әртүрлі қырынан қарауға мүмкіндік алып, күшті және әлсіз жақтарын талдайды.[7] Тапсырманың соңында оқушылар қорытынды жасап, ұсыныс білдіруге мүмкіндік алады, аталған кедергіні жоюға бағытталған шешімін көрсетеді. Бұл әдіс – оқушылардың талдау дағдыларын дамытуға арналған. Оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, әріптесімнің кеңесін ескере отырып, тапсырманың сапалы орындалуы үшін сыныпты 3 топқа бөлуді жоспарладық. Топтық жұмыс арқылы оқушылардың өзара ынтымақ-тастығы мен жауапкершілігін күшейтуді, мәгінді талдайтын, түрлі пікірлерді төзімділікпен тыңдай алатын, сыни тұрғыда ой қорытып, баға бере алатын дағдыларын жетілдіруді, тәуелсіз ой-пікір білдіре алатын жеке тұлғаны дамытуды мақсат еттік. Оқушылар өздері құратын бағалау критерийлері бойынша топта өзара бағалау жүргізеді. Бағалау критерийіне сай оқушылар айғақтардың кем дегенде әрбір критерийге 3 мысалдан келтіре алуы қажет. Сабақты бекіту мақсатында әріптестерім Г. М және Д. Ш ақылдаса келе, 10 сыныптың сыртқы жиынтық емтиханының үлгісіне жақындатылған негізде дереккөздермен талдау, бағалау дағдысы негізінде тапсырманы беруді жоспарладық. Сабақта осындай сыртқы жиынтық емтиханның үлгісіне жақындатылған тапсырмаларды қолдану 10-сынып оқушылары үшін жылдың соңында емтиханды сәтті, қиналмай тапсыруларына мүмкіндік береді.

Нәтижелер.

Сыныпта үлгерімі әртүрлі оқушылар болғанына байланысты сабақтың басында өткен сабаққа жан-жақты шолу жасау мақсатында сұрақ қою әдісі арқылы жеңілден күрделіге негізделіп, «Блум таксономиясын» негізге алынып жасалынған, ашық сұрақтар қоюдан бастадым. Сұрақ қою арқылы оқушылардың диалогқа түсіп, коммуникативті дағдыларын дамыта түскендігін байқадым. Төмен дәрежелі және жоғарғы деңгейдегі сұрақтар қою арқылы оқушылардың қабілеті мен үлгерім деңгейіне байланысты тиімді саралау әдісі жүзеге асырылды. Сұрақ қою әдісі арқылы мен оқушылардың сындарлы сөйлеу, сыни ойлау дағдыларын дамыту, бір-бірінен үйрену, басқа оқушылардың пікірлерін құрметтеу және баға беру сынды қабілеттерін дамытатындығына көзім жетті. Өткен сабаққа шолу жасау арқылы өткен тараудағы тақырыптармен байланыс орын алды. Жаңа сабақты «Миға шабуыл» әдісімен бастап, бүгінгі тақырыппен тығыз байланысты суреттерді (Қазақ АКСР-і, Түркістан АКСР-і Сібір ревкомына қатысты карталар, ұлт зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Сералин, Алихан Бөкейханов, Сұлтанбек Ходжановтың, Тұрар Рысқұловтың және В.И. Лениннің суреттері) интербелсенді тақтаға шығарып қойып, оқушыларға тақырыпты ашуға «түрткі болатын» және «қайта бағыттаушы» сұрақтарды қойдым. Оқушылар әртүрлі пікірлер айтып, бүгінгі сабаққа қатысты ойларын білдірді, кейбірі жаңа сабақтың қазақ зиялыларының жаңа автономияны құрудағы еңбектерімен байланыстырса, енді бірі бүгінгі сабақтың қазақ автономиясы құрылуының қазақ халқы үшін тарихи маңыздылығына байланысты болуы мүмкін екендігін топшылады. Сұрақ қоюдың «қайта бағыттау» техникасы арқылы сұрақты оқушыларға қайта бағыттау арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдысын дамытуға мүмкіндік бергендігін байқадым. «Түрткі болу» технологиясы арқылы оқушының жауабын түзетуге көмектесіп, қолдау көрсету арқылы тақырыпқа жақындату мақсатында ой салып, толығырақ жауап беруге жағдай жасадым. «Миға шабуыл» әдісі сәтті өтіп, оқушылар сабақтың тақырыбын өздері болжай отырып анықтады. Бұл әдіс оқушылардың белсенділігін арттырды, оқу үшін базалық білімдерін орнатуға көмектесті, креативті ойлауға ықпал етті, оқушылардың баламалы шешімдер қабылдау, ойлау мен іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізу, сын тұрғысынан ойлау сынды қабілеттерін дамытты. Сабақтың тақырыбы айқындалғаннан кейін, жаңа сабақтың оқу мақсаттарымен таныстырып, оқушылармен бірге талқылап, бүгінгі сабақтың мақсаттарын және бағалау критерийлерін оқушылармен бірлесе отырып жасадық. Бұл оқушылардың алдына мақсат қою, мен болжам жасау, шешім қабылдау сынды қабілеттерін

дамытып, тапсырмаларды тез түсініп, өздері жасаған мақсаттарға жетуге талпындырды. Сабақтың орта кезеңінде XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының қазақ жерлерін біріктіру, тарихи қазақ аумақтарын автономия аумағына қайтару жұмыстары көрсетілген деңгейлік мәтіндер таратылып, оқушыларға «GROW әдісі» арқылы талдау мен бағалауды тапсырма ретінде ұсындым. Сыныпта түрлі деңгейдегі оқушылардың болғанына байланысты оқушыларды білімді қабылдау қабілетін ескере отырып, 3-топқа бөлдім. 1-топ үлгерімі жоғары оқушыларға күрделі мәтін және дереккөздермен жұмыс жасаса, 2-топ оқушыларына орта деңгейлі мәтінді талдау ұсынылды, 3-топ түсінуге жеңіл ақпарат көздерін сараптауға мүмкіндік алды. Оқушыларға деңгейлік тапсырма беру арқылы сабағымда дифференциация жүзеге асырылды. Топтық жұмысты ұйымдастырудың алдында сыныптағы оқушылардың белсенділік қызметін ұйымдастыру мақсатында топ ережесін жасау арқылы тәртіп талабын жасап алдым. Топтық жұмыста байқағаным оқушылардың ұжымда бірлесіп жұмыс жасауы олардың көшбасшылық және ізденістік қабілетінің дамуына, оқушының өзіне сенімді болуына, білімнің тереңдігі, әрі тиянақты-лығының артатындығына, өз бетінше білім алуға, сабақтың қызықты өтетіндігімен тиімді болды. Сабақ орыс сыныбында өткендіктен менде тұйық, үлгерімі төмен оқушылар өзге сыныптас-тарының қолдауына ие болды. Тапсырманың соңында оқушылар өздері құрған бағалау критерийлері бойынша өзара бағалау жүргізді. «GROW әдісі» арқылы талдау тапсырмасы оқушылардың зерттеушілік қабілетінің дамытып, тақырып бойынша білімдерін жетілдіріп, өзіндік ой-пікірінің қалыптастырды, Блум таксаномиясы негізіндегі жоғары деңгейдегі дағдылар негізінде жұмыс жасағандықтан, мәселеге екі жақты көзқарас білдіру, тарихи оқиғаға баға беру, өзіндік қорытынды жасап, тәуелсіз шешім шығару сынды қабілеттерінің дамуына түрткі болды. Аталған тапсырма нәтижелі өтіп, оқушылар жаңа сабақтың негізгі құрылымын түсінді. Жаңа сабақты бекіту мақсатында 10 сыныптың сыртқы жиынтық емтиханының жақындатылған үлгісінде бүгінгі тақырыпты бағалау мен талдауға арналған бқысқа мәтіндегі дереккөздер берілді. Оқушылар бұл тапсырманы жұптарға біріге отырып орындады. Оқушылардың бағалау критерийлеріне сүйене отырып, берілген дереккөздердің кемінде 4-уіне баға берді. Бұл тапсырмада оқушылар арасында дифференциация жүзеге асып, үлгерімі жоғары оқушылар төрт немесе одан көп дереккөздерді бағалады. Орыс сыныбы болғандықтан тілдік кедергісі кездесетін, үлгерімі төмен, өзіндік ой-пікірін қазақ тілінде жеткізуге қиналатын оқушылар бір немесе екі дереккөздерді бағалай алды, осылай сабақ барысында оқушылар арасында жасырын дифференциация жүрді. Оқушылар өз білімін қолдана отырып, дереккөздердің осы тарихи кезеңді зерттейтін тарихшы үшін қаншалықты құнды екендігін бағалау арқылы, тарихи оқиғалардың сабақтастығын, және осы дереккөздердің қаншалықты шынайы ақпарат көзі екендігін бағалау арқылы белгілі бір кезеңде орын алған оқиғаны бағалау, өзінің тәуелсіз ой пікірін білдіру және қорытынды жасау қабілеттерін арттырды. Қазіргі Қазақстан шекарасының біртұтастығының қалыптасуындағы қазақ зиялыларының қызметі, осы тарихи оқиғаның болашақ қазақ елінің дамуы мен мемлекет тарихындағы маңыздылығын бағалап, жан-жақты көзқарас білдіріп, ел біртұтастығын қалыптастырудың артықшылықтары мен осы жұмысты жүргізу кезінде қазақ зиялылары алдынан шыққан кедергілерге қарсы тұра біліп, қазақ халқының мүддесін нәтижелі қорғағандығына тоқтау арқылы талдау дағдысын дамыта алды. Бұл тапсырма оқушылардың жоғарғы деңгейдегі дағдыларын (талдау, баға беру, қорытынды, интерпретация жасай алу) дамытуға мүмкіндік берді. 9 сыныптың оқушылары келесі оқу жылында яғни 10 сыныптың соңында емтихан тапсыратын болғандықтан осындай үлгідегі тапсырмаларды беру олардың емтиханды тапсыруда қиындықтарға кездеспеуіне алдын-ала дайындық болды. Уақыттың тығыз болуына байланысты аталған тапсырманы барлық оқушылардан сұрап үлгере алмадым, келесі сабақта уақытты тиімді пайдалануды ескеремін. Оқушылар бұл тапсырманы бағалауда нақты критерийлер негізінде өзін-өзі бағалау әдісін қолданды. Оқыту кезеңінің тиімділігі сабақтың әр кезеңінде белсенді әдіс-тәсіл мен қалыптастырушы бағалауды іске асыру жүзеге асты. «Сабақты зерттеу» аясында өткізген бұл сабағымда әріптестерімнің кеңестерін ескере отырып, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне сай тапсырмаларды сабағымда қолдандым. Сабақта оқушылар оқу мақсаттарына қол жеткізіп, бүгінгі тақырыпты толықтай меңгерді, талдау мен бағалау және зерттеушілік дағдыларын дамытты. Сабақтың сапасын арттыру мақсатында әріптестердің берген кері байланысын, кеңестері мен ұсыныстарын тыңдап, басқа да жаңа белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін келесі сабақтарымда қолдануды жоспарлап отырмын.

Оқушылардың білім мазмұны мен мақсаттарына сай, оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыруда нақты анықталған, ұжыммен қалыптастырылған, алдын-ала оқушылардың барлығына белгілі білім жетістіктерін анықтаудағы оқытудың ажырамас бөлігі-«бағалау» болып табылады.[8] Сабақта оқушылардың оқу жетістіктерін тиімді өлшеу мен ынталандыру мақсатында

әріптестерім Г.М мен Д.Ш бірлесе отырып, тиімді бағалау әдістерін қолдануды жоспарладық. Сабақтың басында өткен сабаққа шолу кезінде оқушылардың берген жауаптарына конструктивті кері байланыс беріп отырдым. Бұл арқылы оқушылар өздерінің жауаптарында қателескен тұстарын түзеуге, мұғалім тарапынан дұрыс бағыт-бағдар алуға мүмкіндік алды. Үлгерімі нашар оқушылар мен берген кері байланыстар арқылы өткен сабақта өтілген тақырып бойынша әлсіз тұстарын толықтыруға мүмкіндік алды. Жаңа сабақты болжауға бағытталған «Миға шабуыл» әдісіне берілген оқушылардың жауаптарын бағалауды ынталандыру мақсатында «Жарайсың дәл таптың» «Керемет жауап!» «Жарайсың» деген сынды ауызша мадақтаулар арқылы оқушылардың ынтасын қолдап, бүгінгі сабақтағы белсенділігін арттыра түстім. Жаңа сабағым оқушылармен тиімді диалог құра білумен және жақсы көңіл-күймен бастау алды. Сабақтың негізгі бөлімінде жүзеге асырылған «GROW әдісін» бағалауда оқушылармен бірлесе құрастырған нақты бағалау критерийлері арқылы бағалау жүзеге асырылды. Бағалаудың бұл түрі арқылы оқушының алдына нақты мақсатты орындауға мүмкіндік беріп, ауытқып кетпей, бағалауды нақты әрі айқын жүргізуге, академиялық адалдық принципін сақтау сынды дағдыларды дамытты. Бұл тапсырмада оқушылар мәселенің күшті жақтарына кем дегенде 3 мысал, әлсіз тұстарына 3 мысал, шешім шығаруға үш мысал және 1 қорытынды жасады. Тапсырма топтық жұмыс түрінде жүргізілгендіктен оқушылар топтарда өзара бағалау жүргізді. Оқушылар өзара бағалау жүргізу арқылы белсенді оқуға ынталары артты, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарады. Бағалау үрдісі кезінде алған дағдылары мен білімдерін бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалауларда қолдана алатын болды. Оқушылар бағалау кезінде өзге оқушылардың жауаптарын нақтылауға шақырып, өз ұсыныстарын білдірді. Оқушылардың өзара бағалау әрекеті менің бақылауымда болып, ауызша тиімді кері байланыс беру арқылы оқушылардың критерийлерден ауытқып кетпеуін қадағалап, қажет болған жағдайда бағыттап отырдым. Оқушылардың бағалау кезіндегі іс-әрекетінің күшті жақтарын айта келіп, шыншылдық принципінен ауытқып кетпеуге, әділетті бағалауға бағыттап отырдым. Оқушыларға жиі-жиі кері байланыс берудің тиімділігін түсініп, оқушыларды дамытуда дұрыс екендігін өз сабағымда байқадым. Сабақты бекіту мақсатында берілген дереккөздерді бағалау мен талдауға бағытталған тапсырмада оқушылар нақты критерийлерге сүйене отырып, өзін-өзі бағалау жүргізді. Оқушылар өзін-өзі бағалау арқылы өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін білді. Өзін-өзі бағалау кезінде оқушылардың өздеріне деген сенімділіктері арта түсті, жауапкершілік дағдысы дамыды, пәнге қызығушылығы нығайды. Оқушылардың өзін-өзі бағалауды қолдану арқылы оқушылардың айналасындағылармен қарым-қатынасын, өзіне сын көзбен қарауын және талап қоя білуін, жетістікке және сәтсіздікке қалай қарайтынын көрсетті. Осы орайда айта кетерлік жағдай оқушылардың өзін-өзі бағалау кезінде кейбір оқушылардың субъективті бағалауға жол бергендігін әріптестерім айтып өтті. Әріптестеріммен кеңесе отырып, бұл жағдайды кейінгі сабақтарда ескеріп, бағалау критерийлерін жетілдіре түсу қажеттігін қолға алатын болдық. Қорытындылай келе сабағымда нәтижелі бағалау үдерісі жүріп, оқушылар сабақтың мақсаттарына жетті, менің тарапымнан конструктивті кері байланыс беру арқылы оқушылардың білім алудағы жетістіктері мен кемшіліктерін білдім, бағалау үрдісі оқушылардың сыни ойлау дағдысының дамуына түрткі болатындығын байқадым.

Әріптестерімнің алдыңғы сабақта берген ұсыныстарын ескере отырып жоспарланып, сабақта қолданылған оқытудың тиімді әдіс тәсілдері оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталды. Сабақты жоспарлау кезінде сыныптың ерекшелігі, оқушылардың жасы ескеріле отырып жасалынған ресурстар, мәтіндер мен дереккөздер, бағалау стратегиялары оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытты. Оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, саралап оқыту арқылы сыныпта кездесетін мәселелерді жоюға болатынын түсіндім. Жеңілден күрделіге бағытталған мәтіндер, деңгейлік сұрақтар қою, сыныпты үлгеріміне қарай топтарға бөлу арқылы оқушылар арасында дифференциация жүзеге асырылды. [9] Сабақтың мақсатын, бағалау критерийлерін оқушыларға дайын күйінде бере салмай, өздеріне орындату арқылы олардың тәуелсіз шешім шығару, сыни ойлау дағдысын дамытуға үйреттім. Сапалы тұрғыда құрастырылған бағалау критерийлері оқушылардың толықтай оқу мақсаттарына қол жеткізетіндігіне, оқу жетістіктерінің жақсаратынына әкелді. Қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігінің нәтижесі 9 «F» сыныбының 2-тоқсанның қорытынды бағасының 100% болуымен көрініс тапты. Сабақты тиімді жоспарлау оқушылардың қабілеттерін үздіксіз дамытуға, сыни ойлау дағдыларын шыңдай алуларына себепкер болды. Сабақтың барлық кезеңдерінде кері байланыс беру оқушылардың білім сапасының артуына әкелетіндігіне көз жеткізілді. Әріптестеріммен бірге зерттеу аясындағы сабақтарды жалғастыру арқылы жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуді, сабақта саралауды нәтижелі жүргізуді, бағалаудың жаңа стратегияларын үйреніп, өзімді кәсіби тұрғыда үздіксіз

дамытуды жоспарлап отырмын. Сабақты зерттеу аясында жүргізетін келесі сабақтарымда әріптестерімнің берген ұсыныстары мен кері байланыстарын ескере отырып, оқушылардың дереккөздерді өз бетімен талдау қабілетін жетілдіру және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын әрі қарай дамыту жоспарланады. Педагогикалық тәжірибеде жинақталған оқушылардың қабілеттері мен сыни ойлау дағдысын дамытуға арналған белсенді әдіс-тәсілдерді, бағалаудың стратегияларын, саралау жүргізудің түрлерін, конструктивті кері байланыс беру жөніндегі ұсыныс бойынша семинар-тренингтер жүргізуді «Құсайыновтың зерттеу жобасы» асында жүргізіп келемін және келесі оқу жылы жалғастыруды жоспарлап отырмын. Болашақта педагогикалық практикада («Іс-әрекетті зерттеу») (Action Research) тәсілі бағытында осы тарихи кезеңді өтіп, оқушылардың іс әрекеті мен сабақтың нәтижелілігіне салыстырмалы талдау жасау тәжірибені байытып қана қоймай, осы тәжірибені облыс және республика көлемінде таратудың маңыздылығы өте зор.

Қорытынды.

Lesson Study негізінде өтілген «Қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтірудегі ұлт зиялыларының рөлі қандай болды?» атты тақырып тиімді жоспарланды, оқушыларды дамытуға арналған әдіс-тәсілдер жүзеге асырылып, сабақтың сәтті өткізілуіне әсер етті. Сабақ барысында қолданылған педагогикалық тәсілдер оқушылардың аталған тақырыпты толық игеруіне, қазақ мемлекеттілігінің тарыдай шашылған тарихи аумақтарының қайта бірігуіндегі қазақ зиялыларының ересен зор еңбектерін анықтайды. Осы арқылы оқушылардың бойынша отаншылдық, тәуелсіздік қастерлі ұғым, жер-мемлекеттің негізі деген сынды ұлтжанды көзқарастар қалыптасты. Қазіргі қазақ мемлекеттілігі аумағының негізі сонау 1918-1936 жж қалыптасқандығының, осы жылдары қазақ жерлерін біріктіру барысында жүргізілген шаралар мен оларға белсене араласқан ұлт зиялыларының еңбегін тәуелсіз саралап, баға беру дағдыларын меңгере бастады. Мұғалім сабақ барысында біріңғай басыңқы позицияны алмай оқушыларға ойлау мен пікір еркіндігін беруі оқушылардың пікір алуандылығының болуына, көзқарас пен тұжырымдардың айтылуына мүмкіндік берді. Сабақ соңында оқушылардың қажеттіліктерін, сабақ тақырыбын толық игергендігі немесе түсінбеген тұстарын анықтауда конструктивті кері байланыс беру маңызды.[10]. Заманауи мұғалім міндетті түрде өз сабағында оқушылардың жауаптарына кері байланыс беруі міндетті.[11] Мұғалім сабақ кезінде оқушылардың жауаптарына конструктивті кері байланыс беріп, оқушылардың қателескен тұстарын түзеп отырды. Сабақ жалпылама алғанда жақсы өтті. Дегенмен кейбір олқылықтар да болды. Сабақ екінші тілде білім алатын сыныптарға қазақ тілінде өткендіктен тілдік кедергілері бар кейбір оқушылар өзінің ойын білдіру кезінде қиналды. «Lesson-study» («сабақты зерттеу») тобындағы тарихшы әріптестерім сабақты басынан соңына дейін бақылауға алып, сабақта қолданыс тапқан әдіс-тәсілдердің бағалау түрлерінің оқушыны дамытуға бағытталғандығын, оқушылардың осы тарихи кезеңді оқуда себеп-салдарлық байланысты біліп, тәуелсіз көзқарасын білдіруге мүмкіндік берілгендігін алға тартты. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Хазрет Тұрсұн Маханұлы сабақтың жақсы деңгейде өтілгендігін атап өтіп, оқушылардың белсенділігіне жоғары баға берді және бірігіп жоспарлаудың сабақ өтуде өте тиімді әрі нәтижеге қол жеткізуде маңыздылығы жоғары екендігін айтып өтті. Қорытындылай келе сабақтың нәтижелілігі ретінде оқушылардың бойында осы тарихи кезеңде орын алған қазақ автономиясының төңірегіне қазақ жерлерін біріктіру мен мемлекеттік межелеу саясатының себептері, барысы, нәтижесі, тарихи маңыздылығы мен бүгінгі күнмен байланысы жөніндегі ақпараттарға ие болды. Дереккөздермен жұмыс жасау кезінде ақпараттарға сыни көзқараспен қарау арқылы тәуелсіз ойлау дағдысын қалыптастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Сарбасова *Инновациялық педагогикалық технологиялар. 2006 ж*
2. Р. Қ. Қарсыбаева. *Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. 2016.*
3. *Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей, 2 басылым, 2014 — жыл*
4. Абдраманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. *Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін: әдістемелік ұсыным. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 52 б.*
5. Әлімов А. *Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015. – 180 б.*
6. *Department for Children, Schools and Families. (2008). Improving practice and progression through lesson study: a handbook for head teachers, leading teachers and subject leaders [Lesson Study арқылы тәжірибені жетілдіру және алға жылжу: аға оқытушылар, көшбасшы мұғалімдер мен пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулық]. London: DCSF.*

7. Dudley, P. (2008). *Lesson study in England: from school networks to national policy* [Lesson study Англияда: мектептің желілік қоғамдастығынан мемлекеттік саясатқа дейін]. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Hong Kong Institute of Education.

8. Dudley, P. (2011). *How Lesson Study orchestrates key features of teacher knowledge and teacher learning to create profound changes in professional practice* [Кәсіби тәжірибеде түбегейлі өзгеріс жүргізу үшін Lesson Study мұғалімнің білімі мен дағдыларының негізгі мазмұнын қалай анықтайды]. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Tokyo.

9. Trends in International Mathematics and Science Study. (1999). TIMSS 1999 assessment results [1999 жылғы математика мен жаратылыстану білімінің сапасын бағалау жөніндегі халықаралық зерттеудің бағалау нәтижелері]. Retrieved June 4, 2010, from <http://nces.ed.gov/timss/>

10. Takahashi, A. (2005). *An essential component of lesson study: post-lesson discussion* [Lesson study-дің негізгі құрамы: сабақ өткізілген соң оны талқылау]. Presented at the The Northwest Regional Educational Laboratory's Lesson Study Symposium, Olympia, Washington: DePaul University, Chicago.

11. Wragg, E.C., Wikely, F., Wragg, E., & Haynes, G. (1996). *Teacher appraisal observed* [Мұғалімнің қадағалауы және талдауы]. London: Routledge.

References:

1. K. Sarbasova *Innovative pedagogical technologies*. 2006.

2. R. K. Karsybaeva. *Features of the technology of development of reading and writing from a critical point of view*. 2016.

3. *Teacher's guide 3 levels, 2 editions, 2014 — year*

4. Abdramanova J.B., Biyarova S.B., Zeynoldina G.T. *Lesson Study: for those who want to study their lesson: a methodological recommendation*. - Astana: "Nazarbayev Intellectual Schools" Pedagogical Excellence Center, 2015. - 52 p.

5. Alimov A. *Application of interactive methodology at school*. - Almaty, 2015. - 180 p.6.6.6.

6. Department for Children, Schools and Families. (2008). *Improving practice and progression through lesson study: a handbook for head teachers, leading teachers and subject leaders* [Lesson Study арқылы тәжірибені жетілдіру және алға жылжу: аға оқытушылар, көшбасшы мұғалімдер мен пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулық]. London: DCSF.

7. Dudley, P. (2008). *Lesson study in England: from school networks to national policy* [Lesson study Англияда: мектептің желілік қоғамдастығынан мемлекеттік саясатқа дейін]. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Hong Kong Institute of Education.

8. Dudley, P. (2011). *How Lesson Study orchestrates key features of teacher knowledge and teacher learning to create profound changes in professional practice* [Кәсіби тәжірибеде түбегейлі өзгеріс жүргізу үшін Lesson Study мұғалімнің білімі мен дағдыларының негізгі мазмұнын қалай анықтайды]. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Tokyo.

9. Trends in International Mathematics and Science Study. (1999). TIMSS 1999 assessment results [1999 жылғы математика мен жаратылыстану білімінің сапасын бағалау жөніндегі халықаралық зерттеудің бағалау нәтижелері]. Retrieved June 4, 2010, from <http://nces.ed.gov/timss/>

10. Takahashi, A. (2005). *An essential component of lesson study: post-lesson discussion* [Lesson study-дің негізгі құрамы: сабақ өткізілген соң оны талқылау]. Presented at the The Northwest Regional Educational Laboratory's Lesson Study Symposium, Olympia, Washington: DePaul University, Chicago.

11. Wragg, E.C., Wikely, F., Wragg, E., & Haynes, G. (1996). *Teacher appraisal observed* [Мұғалімнің қадағалауы және талдауы]. London: Routledge.